

ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК

Тұтынушылар заңы аясындағы қосымша құқықтар. Егер СІЗ тұтынушы болсаңыз, сізге осы Шектеулі кепілдікте белгіленген заңды (белгіленген) құқықтарға қосымша құқықтар қолжетімді болуы мүмкін (СІЗ тұрып жатқан елдегі тұтынушылар заңдары секілді) («**Тұтынушылар құқықтары**»). Бұл Шектеулі кепілдік BlackBerry компаниясының BlackBerry құрылғысына қатысты құқық қорғау құралын ұсынатын немесе ұсынбайтын белгілі жағдайларды белгілейді. Бұл Шектеулі кепілдік BlackBerry құрылғысына қатысты СІЗДІҢ ешқандай Тұтынушы құқықтарыңызды шектемейді немесе жоймайды.

Өндіруші кепілдігінің қамтылуы. Өндірушінің бұл Шектеулі кепілдігі BlackBerry Limited компаниясының және оның еншілес бөлімдерінің («**BlackBerry**») BlackBerry компаниясы тарапынан немесе оның атынан өндірілген BlackBerry белгісі бар аппараттық жасақтама өнімдеріне және аксессуарларына («**BlackBerry құрылғысы**») қатысты кепілдік міндеттемелерін белгілейді. BlackBerry компаниясы жаңа BlackBerry құрылғысын бастапқыда сатып алған соңғы пайдаланушысына («**СІЗ**») BlackBerry құрылғысын бастапқыда СІЗ сатып алған күннен бастап, әр BlackBerry құрылғысына қолданылатын арнайы мерзім барысында («**Кепілдік мерзімі**») қалыпты түрде қолданылған жағдайда материалдарда және құрастырылу сапасында ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Бұл Шектеулі кепілдікті СІЗ басқаға табыстай алмайсыз.

(i) BlackBerry қалта смартфонның Кепілдік мерзімі бір (1) жыл. BlackBerry құрылғысына тұтынушыларды қолдау қызметін пайдалану туралы ақпарат алу үшін BlackBerry құрылғысын сатқан сатушыға хабарласыңыз.

(ii) BlackBerry Porsche Design смартфонның Кепілдік мерзімі екі (2) жыл. BlackBerry өкіліне хабарласыңыз – кепілдікке қатысты байланыс ақпаратын www.blackberry.com/gettingstarted сайтынан табуға болады.

(iii) BlackBerry планшетінің Кепілдік мерзімі бір (1) жыл. BlackBerry өкіліне хабарласыңыз – кепілдікке қатысты байланыс ақпаратын www.blackberry.com/playbookwarranty сайтынан табуға болады.

(iv) Аппараттық және бағдарламалық компоненттерді қамтитын BlackBerry аксессуарларының (мысалы: Bluetooth құрылғылары, смарт карта оқу құралдары және күнқағарға орнатылатын динамиктер) Кепілдік мерзімі бір (1) жыл. BlackBerry құрылғысын СІЗГЕ сатқан сатушыға хабарласыңыз.

Белгілі BlackBerry құрылғысының үлгілеріне немесе елдерге Шектеулі кепілдіктің ерекшеліктері болуы мүмкін – осы Шектеулі кепілдіктің 1-қосымшасын қараңыз. BlackBerry тарапынан немесе оның атынан BlackBerry құрылғысы жаңартылған болса, мұндай

жаңартылған BlackBerry құрылғысына кепілдік мерзімінің теңгерімі (бар болса) қолданылады.

Кепілдік мерзімі барысында, егер BlackBerry құрылғысы BlackBerry тарапынан ақаулы және осы Шектеулі кепілдікте сипатталған жағдайға сай деп танылса, BlackBerry өзінің жеке қалауы бойынша:

- (i) BlackBerry құрылғысының ақаулы бөліктерін жаңа немесе қалпына келтірілген бөлшектермен СІЗ үшін тегін жөндей алады;
- (ii) ақаулы BlackBerry құрылғысын салыстырмалы түрде жаңа немесе жаңартылған өніммен СІЗ үшін тегін алмастыра алады; немесе
- (iii) егер BlackBerry (i) немесе (ii) тармақтарында көрсетілгендей BlackBerry құрылғысын жөндей алмаса немесе алмастыра алмаса, СІЗГЕ BlackBerry құрылғысы үшін СІЗ төлеген таза бағаның өтемін береді.

Егер BlackBerry құрылғысы Кепілдік мерзімі барысында BlackBerry тарапынан немесе оның атынан жөнделген немесе алмастырылған болса, жөнделген немесе алмастырылған BlackBerry құрылғысының Кепілдік мерзімі бастапқы Кепілдік мерзімі өткен кезде бітеді (егер заң BlackBerry компаниясының СІЗГЕ жөнделген немесе алмастырылған BlackBerry құрылғысы үшін ұзағырақ Кепілдік мерзімін беруді талап етпесе). Осы Шектеулі кепілдік аясында BlackBerry тарапынан немесе оның атынан көрсетілетін қызмет немесе қолдау СІЗДІҢ BlackBerry құрылғысын BlackBerry рұқсаты бар қызмет провайдеріне қайтаруыңыз бойынша іске асырылады («BlackBerry құрылғысын қалай қайтару керек» бөлімінде белгіленгендей). СІЗ осы Шектеулі кепілдікке сәйкес BlackBerry құрылғысын қайтарып, орнына алмастырушы BlackBerry құрылғысын алған кезіңізде, СІЗ қайтарған құрылғы BlackBerry компаниясының меншігіне айналады, ал алмастырушы құрылғы СІЗДІКІ болады. Осы Шектеулі кепілдікке сәйкес өтемақы берілген кезде, СІЗ BlackBerry құрылғысын BlackBerry компаниясына қайтарасыз, ал BlackBerry құрылғысы BlackBerry компаниясының меншігіне айналады.

Кепілдік ерекшеліктері мен шектеулері. Бұл Шектеулі кепілдік қолданылмайды (BlackBerry белгілеген шарттар бойынша):

- (i) BlackBerry құрылғысының шығындалатын бөлшектеріне, мысалы батареяларға және уақыт өте келе тозатын қорғаныс қаптарына, егер зақым материалдардағы немесе құрастырылу сапасындағы ақаулыққа байланысты болмаса;
- (ii) BlackBerry құрылғысының қалыпты тозуына және ескіруіне;
- (iii) егер BlackBerry құрылғысы BlackBerry рұқсатын алмаған әлдекім тарапынан ашылған, өзгертілген немесе жөндетілген болса;

(iv) егер BlackBerry құрылғысының сериялық нөмірі, IMEI нөмірі немесе басқа сәйкестендіру ақпараты өшірілген немесе жойылған болса;

(v) егер BlackBerry құрылғысының зақымдалуы, жұмысы нашарлауы немесе ақаулықтың пайда болуы келесі себептерге байланысты болса:

(a) дұрыс пайдаланбау, ылғал немесе сұйықтық, отқа жақындату немесе ұшырату, апат, қате пайдалану, немқұрайлылық немесе қате қолданыс;

(b) BlackBerry құрылғысын CІЗДІҢ BlackBerry құрылғыңызбен қолдануға арнайы BlackBerry анық мақұлдамаған немесе ұсынбаған аксессуарлармен, өнімдермен, қызметтермен, бағдарламалармен, қолданбалармен немесе қосалқы немесе сыртқы жабдықтармен бірге қолдану;

(c) BlackBerry құрылғысының өзінен туындамаған кез келген ақаулар; немесе

(d) BlackBerry құрылғысының BlackBerry дайындаған және ұсынған орнату нұсқаулығына немесе стандартты соңғы пайдаланушы құжаттарына, соның ішінде <http://docs.blackberry.com> сайтында қолжетімді қауіпсіздік және пайдалану бойынша нұсқаулыққа немесе <http://us.blackberry.com/legal/bbsla.jsp> сайтында қолжетімді BlackBerry шешімінің лицензиялық келісіміне сай іске қоспау немесе қолданбау;

(vi) BlackBerry құрылғысының бетіндегі зақымдарға, соның ішінде сынықтар, ойықтар немесе сызықтарды қоса, бірақ олармен шектелмей;

(vii) осы Шектеулі кепілдікте көрсетілгендей, BlackBerry құрылғысынан басқа жабдықтарға, планшеттерге немесе басқа аппараттық жасақтамаға – мысалы, ол CІЗДІҢ сатып алуыңызға бірге берілетін ешбір SIM картасына немесе BlackBerry тауар белгісі қойылмаған және BlackBerry тарапынан немесе оның атынан өндірілмеген кез келген өнімге қолданылмайды; немесе

(viii) егер CІЗ BlackBerry құрылғысын сатып алған шын сатып алушы екеніңізді және бастапқыда сатып алынған күн мен орынды куәландыратын дәлел ұсына алмасаңыз.

Бұл Шектеулі кепілдік тек аппараттық жасақтамаға қолданылады және BlackBerry құрылғысымен шектелген; ол BlackBerry тарапынан жөнелтілетін, алдын ала жүктелетін немесе таратылатын бағдарламалық жасақтамаға қолданылмайды, тіпті егер бағдарламалық жасақтама BlackBerry құрылғысымен бірге қаптамаға салынса немесе сатылса да немесе кейінгі уақыттарда BlackBerry құрылғысына қолжетімді болса да. Бағдарламалық жасақтаманың лицензиялық келісімі BlackBerry құрылғысымен бірге бағдарламалық жасақтаманы CІЗДІҢ пайдалануыңызға қолданылады. BlackBerry құрылғысымен бірге тасымалданатын BlackBerry меншігіндегі бағдарламалық жасақтаманың лицензиясы тиісті BlackBerry бағдарламалық жасақтамасының лицензиялық келісімінде сипатталған.

Деректеріңіздің сақтық көшірмесін жасаңыз. СІЗДІҢ BlackBerry құрылғысы деректерінің, бағдарламалық жасақтамасының, бағдарламаларының және ақпаратының болжалды операциялық ақауларға қарсы сақтық көшірмесін жасап отырғаныңыз жөн, соның ішінде BlackBerry құрылғысын қайтарудан бұрын. Деректердің сақтық көшірмесін жасау BlackBerry компаниясының, BlackBerry құрылғысын СІЗГЕ сатқан сатушының немесе BlackBerry құрылғысына техникалық қызмет көрсеткен, жөндеген немесе алмастырған қызмет провайдерлерінің емес, СІЗДІҢ міндетіңіз болып табылады, соның ішінде синхрондау бағдарламасын қолдану барысында жоғалған немесе зақымдалған деректерді шектеусіз қоса алғанда. BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚАЙТАРУДАН БҰРЫН БАРЛЫҚ ҚОСАЛҚЫ НЕМЕСЕ ЖАД ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ШЫҒАРЫҢЫЗ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ЖЕКЕ НЕМЕСЕ ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ЖОЙЫҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ АЛМАСТЫРУ БАРЫСЫНДА BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР ЖОЙЫЛУЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҚАЙТА ПІШІМДЕЛУІ НЕМЕСЕ БАСТАПҚЫДА САТЫП АЛҒАН КЕЗДЕГІДЕЙ КОНФИГУРАЦИЯЛАНУЫ МҮМКІН (BLACKBERRY ШЕШІМІНІҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫНЫҢ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІНЕ БАҒЫНАТЫН АҒЫМДАҒЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ЖАҢАРТУЛАРЫНА САЙ) ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР НЕМЕСЕ ЖАД ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ ШЫҒАРЫЛЫП, СІЗГЕ ҚАЙТАРЫЛМАУЫ МҮМКІН. Түсініктеме ретінде ескеріңіз: бұл Шектеулі кепілдік BlackBerry құрылғысындағы СІЗДІҢ деректеріңіздің, бағдарламалық жасақтамаңыздың немесе қолданбаларыңыздың сақтық көшірмесін жасауды, қалпына келтіруді немесе қайта орнатылуын қамтымайды.

BlackBerry құрылғысын қалай қайтару керек. Бұл Шектеулі кепілдікті СІЗГЕ ұсынған BlackBerry Limited компаниясы. СІЗДІҢ BlackBerry құрылғыңыздың кепілдік қызметіне мұқтаж екенін анықтау үшін және BlackBerry құрылғысын қайтару жолдары туралы нұсқаулар алу үшін, жоғарыдағы Өндіруші кепілдігінің қамтылуы кестесінде сипатталған BlackBerry құрылғыларының тиісті Кепілдік бойынша жауапты тұлғамен хабарласыңыз.

Телефон арқылы BlackBerry компаниясына немесе BlackBerry рұқсаты бар қызмет провайдеріне хабарласқан кезде ақы алынуы мүмкін. СІЗДЕН BlackBerry құрылғысының қандай да бір ақауына диагностика жасауға көмектесу және BlackBerry құрылғысының шын сатып алушысы СІЗ екеніңізді және құрылғының сатып алынған күні мен орнын куәландыратын дәлел ұсыну талап етілуі мүмкін. Кепілдік қызметінің мүмкіндіктері, жауап беру уақыттары және ақысы (алынатын болса) елге қарай өзгеруі мүмкін. **ЕГЕР BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ БАРЫСЫНДА ҚАЙТАРЫЛСА, БІРАҚ BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫ БҰЛ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІКТЕ ҚАМТЫЛМАСА, ОРЫНДАЛАТЫН ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ ӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҮШІН АҚЫ АЛЫНУЫ МҮМКІН. ЕГЕР СІЗ BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫН БАСТАПҚЫДА САТЫП АЛҒАН ЕЛДЕ ТҰРМАСАҢЫЗ:**

(А) КЕПІЛДІК БОЙЫНША ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МҮМКІН БОЛМАУЫ МҮМКІН;

(B) СІЗДЕН ШАРТТАРҒА КЕЛІСІМ БЕРУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР АҚЫНЫ ТӨЛЕУ (СОНЫҢ ІШІНДЕ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АҚЫСЫН ШЕКТЕУСІЗ ҚОСҚАНДА) ЖӘНЕ

(C) МҮМКІН БОЛАТЫН ЖАҒДАЙДА КЕПІЛДІК БОЙЫНША ЖӨНДЕУ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАЛЫПТЫДАН ҰЗАҒЫРАҚ ОРЫНДАЛУЫ МҮМКІН.

Айрықша құқық қорғау құралдары. BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫН ШЕКТЕУГЕ НЕМЕСЕ ШЫҒARTУҒА BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНА ЗАҢМЕН ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН ДЕҢГЕЙГЕ ДЕЙІН (СОНЫҢ ІШІНДЕ, ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІККЕ ҚОСЫМША СІЗДЕ ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР БОЛСА) ҒАНА, БҰЛ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫҢЫЗДЫҢ ЭКСКЛЮЗИВТІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖӘНЕ БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН БАРЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРДІ, ШАРТТАРДЫ, ӨКІЛДІКТЕРДІ НЕМЕСЕ АЙҚЫН НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДЕРДІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫҢ, ҚАНАҒАТТАНДЫРАРЛЫҚ САПАНЫҢ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ОСЫНДА БАС ТАРТЫЛҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛМАЙТЫН НЕМЕСЕ ӨРЕКЕТ ЕТПЕЙТІН БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА СӘЙКЕСТІКТІҢ ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДЕРДІ ҚОСА, БІРАҚ ОЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙТІН КЕПІЛДЕРДІ БЕЛГІЛЕЙДІ.

Жауапкершілікті шектеу. BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫН ШЕКТЕУГЕ НЕМЕСЕ ШЫҒARTУҒА BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНА ЗАҢ ТЫЙЫМ САЛҒАН ДЕҢГЕЙГЕ ДЕЙІН (СОНЫҢ ІШІНДЕ, ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІККЕ ҚОСЫМША СІЗДЕ ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР БОЛСА) ҒАНА НЕМЕСЕ ЕГЕР СІЗ ТҰРЫП ЖАТҚАН ЕЛ, ШТАТ НЕМЕСЕ ПРОВИНЦИЯ КЕЗДЕЙСОҚ НЕМЕСЕ ҚАСАҚАНА ЗАҚЫМДАРДЫҢ ӨТЕЛУІН ШЕКТЕУГЕ НЕМЕСЕ ШЫҒARTУҒА ТЫЙЫМ САЛҒАН БОЛСА, BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНА НЕМЕСЕ BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНЫҢ АТЫНАН НЕМЕСЕ ОНЫМЕН БІРГЕ ӨРЕКЕТ ЕТУШІ ӨЛДЕКІМГЕ ЗАҚЫМНЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТІЛГЕН БОЛСА ДА, BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫ НЕМЕСЕ BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНЫҢ АТЫНАН (BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ӨНДІРІЛУІ, ТАРАТЫЛУЫ, САТЫЛУЫ, ЖӨНДЕЛУІ НЕМЕСЕ ҚАЙТАРЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ЖӘНЕ Т.Б.) ӨРЕКЕТ ЕТІП ЖАТҚАН ӨЛДЕКІМ ЕШБІР ЖАҒДАЙДА BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНА АЛМАУ НӘТИЖЕСІНДЕГІ ЖАНАМА, КЕЗДЕЙСОҚ, ӨДЕЙІ НЕМЕСЕ ҚАСАҚАНА ШЫҒЫНДАРҒА НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАРҒА (СОНЫҢ ІШІНДЕ, КІРІСТІҢ ЖОҒАЛУЫ, БИЗНЕСТІҢ ТОҚТАУЫ, АҚПАРАТТЫҢ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ) ЖОҒАЛУЫ НЕМЕСЕ БҰЗЫЛУЫ НЕМЕСЕ БАСҚА МАТЕРИАЛДЫҚ ШЫҒЫНДАРҒА, Т.Б.) ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. БҰЛ ШЕКТЕУ МҰНДАЙ ЗАҚЫМДАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ, КЕЛІСІМ, КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗАҒА СӘЙКЕС ХАБАРЛАНҒАН, БАЯНДАЛҒАН НЕМЕСЕ ӨРЕКЕТКЕ КЕЛТІРІЛГЕН БОЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ. BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫ АТЫНАН НЕМЕСЕ ОНЫМЕН БІРГЕ ӨРЕКЕТ ЕТІП ЖАТҚАН ӨЛДЕКІМНІҢ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІККЕ СӘЙКЕС СІЗДІҢ АЛДЫҢЫЗДАҒЫ

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ СІЗДІҢ BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫН САТЫП АЛҒАН КЕЗДЕ ТӨЛЕГЕН ТАЗА БАҒАДАН НЕМЕСЕ БҰЗЫЛҒАН BLACKBERRY ҚҰРЫЛҒЫСЫН АЛМАСТЫРУ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ АРТЫҚ БОЛҒАНЫНАН АСПАУЫ КЕРЕК. Жоғарыда аталған шарттар қасақана және ауыр немқұрайлылық әрекеттері немесе қателіктер нәтижесіндегі өлімге немесе дене жарақатына байланысты ешқандай жауапкершілікті ешқандай жолмен шектемейді.

Басқарушы заң. ОСЫ БАПТА КӨРСЕТІЛГЕНДЕЙ, ЕЛДІҢ, ШТАТТЫҢ, ПРОВИНЦИЯНЫҢ НЕМЕСЕ ЮРИСДИКЦИЯНЫҢ ЗАҢЫ МЫНАЛАРДЫ БАСҚАРАДЫ:

(А) ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ, ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІКТІҢ БҰЗЫЛУЫ НЕМЕСЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ

(В) ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІККЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУЫНДАҒАН СІЗ БЕН BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫ АРАСЫНДА ТУЫНДАҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ШАҒЫМ, ДАУ НЕМЕСЕ ТАЛАС (КЕЛІСІМ БОЙЫНША, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ НЕМЕСЕ БАСҚА СЕБЕПКЕ БАЙЛАНЫСТЫ БҰРЫННАН БАР, ҚАЗІРГІ НЕМЕСЕ КЕЛЕШЕКТЕГІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЗАҢДЫ, ОРТАҚ ЗАҢДЫҚ ЖӘНЕ БЕЙТАРАП ШАҒЫМДАР).

ТӨМЕНДЕГІ КЕСТЕДЕ КӨРСЕТІЛГЕНДЕЙ, ЕЛДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢДАРЫ СІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН МЕКЕНЖАЙЫҢЫЗДЫҢ ОРНАЛАСУ ОРНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ ЖӘНЕ ЗАҢ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢ ОРГАНЫН ҚАТЫСТЫРМАЙДЫ.

ДАУДЫ ШЕШУ/ТӨРЕЛІК ЕТУ. ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІКТЕН ТУЫНДАҒАН НЕМЕСЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БІР КЕЛІСПЕУШІЛІК НЕМЕСЕ ДАУ ТӨМЕНДЕ БЕРІЛГЕН КЕСТЕДЕГІ ТӨРЕЛІК ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС СІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН МЕКЕНІҢІЗГЕ НЕГІЗДЕЛЕ ОТЫРЫП, СОҢҒЫ ӨРІ МІНДЕТТІ ТӨРЕЛІК АРҚЫЛЫ ШЕШІЛЕДІ: (I) ТӨРЕЛІК ӨТЕТІН ОРЫН ТӨРЕЛІК ОРНЫ БОЛАДЫ ЖӘНЕ ТӨРЕЛІК АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ; (II) ТӨРЕШІЛЕР САНЫ БІР (1) БОЛАДЫ ЖӘНЕ (III) ТӨРЕШІ АТАЛҒАН ТӨРЕЛІК ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ САЙ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ. ОСЫ ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК БОЙЫНША, КЕЗ КЕЛГЕН ТӨРЕЛІККЕ ҚАТЫСТЫ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР ЗАҢ РҰҚСАТ ЕТКЕН МАКСИМАЛДЫ ДЕҢГЕЙГЕ ДЕЙІН БАРЫНША ҚАТАҢ ТҮРДЕ ҚҰПИЯ САҚТАЛАДЫ. ТАРАПТАР АРАСЫНДАҒЫ НЕМЕСЕ СІЗДЕН БАСҚА АДАМДАР ҚАТЫСАТЫН ДАУЛАРДЫ АЛДЫН АЛА BLACKBERRY КОМПАНИЯСЫНЫҢ КЕЛІСІМІНСІЗ БІРІКТІРУГЕ НЕМЕСЕ БІРГЕ ҚОСУҒА БОЛМАЙДЫ.

Егер СІЗДІҢ тұрақты мекеніңіз Еуропа, Таяу шығыс немесе Африка болса, бұл Шектеулі кепілдік Англия және Уэльс заңдарымен басқарылады және Сіз Лондон сотының халықаралық төрелік ережелеріне сай Англиядағы Лондонда орналасқан төрелікке келісесіз. Егер СІЗДІҢ тұрақты мекеніңіз Азияда болса, бұл Шектеулі кепілдік Нью-Йорк заңдарымен басқарылады және Сіз Лондон сотының халықаралық төрелік ережелеріне сай АҚШ-тағы Нью-Йорк штатының Нью-Йорк қаласында орналасқан төрелікке келісесіз. Егер

СІЗДІҢ тұрақты мекеніңіз Солтүстік немесе Оңтүстік Америкада болса, бұл Шектеулі кепілдік Нью-Йорк заңдарымен басқарылады және Сіз Америка төрелік қауымдастығының коммерциялық төрелік ережелеріне сай АҚШ-тағы Нью-Йорк штатының Нью-Йорк қаласында орналасқан төрелікке келісесіз.

Құпиялылық. Осы Шектеулі кепілдікте көрсетілген кепілдік қызметтерін орындау үшін BlackBerry компаниясына жіберілген барлық тұтынушы ақпараты BlackBerry құпиялылық саясаты сай (<http://www.blackberry.com/legal/privacy.shtml> сайтынан табуға болады) өңделеді, тасымалданады және жарияланады. Бұған СІЗДІҢ ақпаратыңызды және BlackBerry құрылғысын кепілдік қызметтерін орындау кезіндегі BlackBerry құрылғысының жауапкершіліктерін тапсыру тізбегіне қатысатын қызмет провайдерлерінен, сатушылардан, қайта сатушылардан және таратушылардан алу және СІЗДІҢ ақпаратыңыз бен BlackBerry құрылғыңызды BlackBerry еншілес бөлімдері мен бөлімшелеріне немесе BlackBerry қызмет провайдерлеріне тапсыру кіреді.

Басқа да ережелер. Егер осы Шектеулі кепілдік пен СІЗГЕ берілген басқа кепілдік, соның ішінде BlackBerry құрылғысының қаптамасындағы кепілдік, т.б. арасында сәйкессіздік табылса, мұндай сәйкессіздікке BlackBerry тарапынан осы Шектеулі кепілдік ережелері қолданылады. Егер осы Шектеулі кепілдікте берілген қандай да бір шарт, ереже немесе ішкі бөлім жарамсыз, заңсыз немесе күшіне енгізуге мүмкін емес деп танылса, мұндай шарттың, ереженің немесе ішкі бөлімнің және осы Шектеулі кепілдіктің қалған бөлігінің жарамдылығы немесе күшіне ену мүмкіндігі өзгеріссіз қалады.